

## Эссе

### Біз Жеңістің ұрпағымыз!

Уақыттың есте қалар белгісі ол – тарих. Мемлекеттің барлық тарихы жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу мен Отан қорғаушылардың жоғары рухын, батылдығын, ерлігін, жауапкершілігін қалыптастыруды табысты шешумен байланысты.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Біз әрқашанда Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің, жастарды ерлік пен патриотизм рухында тәрбиелейтін өлшеусіз өнегесі деп білеміз», - деп атап көрсеткен болатын.

Екінші дүниежүзілік соғыстың өрті шарпымаған шаңырақ кем де кем. Бүгінде өсіп-өніп жатқан біздер бұрынғы батыр бабаларымыз бен кешегі майдангерлерден өсіп отырған ұрпақпыз. Қанша жылдар өтсе де, дүмпуі дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысының қасіреті баршамыздың жүрегімізде. Ел басына күн туғанда етігімен су кешкен қазақтың қайсар ұл-қыздары от пен оқтың ортасында жүріп, Отанымызға Жеңіс сыйлады.

Ұлы Жеңіс күні – барша халықтың жеңісі. Жыл сайын 9 мамыр күні баршамыз орталық саябақтарға орналасқан мәңгілік алау басына, жауынгерлердің тас мүсінге айналған бейнелеріне гүл шоғын қойып, ерлікпен қаза тапқан батыр ерлерімізді еске алып, рухына тағзым етеміз.

Біздер де өзімізден кейін өсіп келе жатқан ізбасарларымызға аға ұрпақтың лайықты мұрагері болу үшін халқымыздың Отан мүддесі жолында жасаған ерлік істерінің ұлылығын жете түсіндіріп отыруымыз қажет. Жеңістің қасиетін, ата- бабаларымыздың ерлігін ешкім, ешқашан ұмытпақ емес.

Намысын бермеу үшін жауға қолдан,

Арулар аз болды ма атқа қонған.

Ерліктің қос қанаты деп білемін,

Аяулы Әлия мен Мәншүгімді, - деп әнге қосып жырланған, Шығыстың қос шынарының Отан қорғаудағы жасампаздық ерлігін өскелең жас ұрпақ , яғни біздер мәңгілікке жадымызда сақтауымыз керек.

Біз Отан қорғау жолында жанын құрбан еткен боздақтардың қандыбалақ шайқастағы ерлігін, майдангерлер хаттарын көркем шығармалардан, соғыс туралы кинолардан көріп өстік. Болашақ өмір, ұрпақ үшін жанын қиған ата-бабаларымыздың ерліктері ғасырлар өтсе де ұмытылмастай тарихта жазылды. Қан майданның төрінде жаумен жанын қия айқасқан батыр ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас ие мәңгілік тағзым етеміз.

*ШҚО ББ «Бесқарағай колледжі» КММ студенті*

*Нұрланбек Қайсар*

## Біз Жеңістің ұрпағымыз!

Есімде бес әріп сөз – Жеңіс деген,  
У бар ма сол сөз үшін мен ішпеген.  
Қан бар ма сол сөз үшін егеспеген,  
Жас бар ма сол сөз үшін төгіспеген.

(Ғ. Қайырбеков)

Биыл Екінші Дүниежүзілік Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 75 жыл толады. Осы соғыста ата-бабаларымыз ерлік көрсетіп, Отанымызды жау қолынан қорғап қалды. Бұл жеңіс осы күнге жетпей қыршынынан қиылған сан мыңдаған боздақтардың аманаты еді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ел басына төнген Қаһарлы қатер миллиондаған кеңес адамдарын басқыншыларға қарсы күреске жұмылдырды. Майданға Қазақстанның әрбір төртінші азаматы аттанды. Біздің Республикамыздан да адам шығыны зор болды. Әрбір екінші қазақстандық майдан даласынан қайтып оралмады. 98 адам Кеңес Одағы Батыры атағына ие болды.

Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағы халықтарының ерлік көрсеткен жылдары уақыт озған сайын алыстап барады. Бірақ, адамзат жадынан әлемді фашистік езгіден құтқарған халық ерлігі ешқашан өшпек емес..

Бұл соғыста ерлік көрсеткен шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк апаларымызды, Талғат Бигелдинов, Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбайұлы сынды батырларымызды атап өтуге болады. Өндіріс пен мал шаруашылығының ең ауыр Қаһарлы соғыстың жүктеген ауыр міндетін халық қасқайып күтіп алды. Ер-азаматтар майданға аттанып жатты, ал елде қалған кәрі-құртан, бала-шаға қара жұмысқа жегіліп, солардың тілеуін тілеп қала берді, соғыстың елімізге төгдірген ауыр қайысын, азабын суреттеген қаламгерлер туындыларын оқысаң жүрегің ауырады. Бауыржан Момышұлы «Москва үшін шайқас», Ғабит Мүсіреповтің

«Қазақ солдатты», М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» сияқты шығармаларынан соғыстың адамзат басына қаншалықты қасірет түскенін білесің.

Осылай 5 жыл бойы қысы-жазы қайнаған ыстық күндерде де, қақаған аяз бен қарлы боранда да біздің аталарымыз «Отан үшін» - деген ұранмен айбаттана шайқасты. «Соғыс» - деген сөздің өзі әр адамның бойында үрей туғызады. Бірден көз алдына қирап жатқан қала мен ауылдар, өрт жалыны, өлім елестейді. Әр адамға сүйікті Отанынан, туған жерінен қымбат еш нәрсе жоқ. Батыр бабаларымыз ұлан -байтақ жерімізді, азаттығымызды, ғасырлар бойы соңғы демдері біткенше қорғап өтті. Ата-бабаларымыздың өшпес ерліктері Ұлы Отан соғысының сұрапыл күндерінде жалғасын тапты. Қазақтың қаншама ұл-қызы қанды майданға аттанды. Отанға деген сүйіспеншілік оларға рух беріп, жеңіске жетеледі. Бүгінгі уақытта әрбір бейбіт күніміз үшін, қатары сиреп бара жатқан ардагерлерімізді қадірлеп, бас иіп жүру – парызымыз. Мен жер бетінде ешқашан соғыс болмаса екен деп тілеймін.